



Бұйрық №143/1

1 Мамыр ауылы

31.08.2022ж

**2022/2023 оқу жылының басталуын,
ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 2022 жылғы 25 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы №270 бұйрығын, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 31.08.2022ж №229-н/к бұйрығын басшылыққа алып бұйырамын:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепте 2022-2023 оқу жылының басталуы және каникул кезеңдерінің мерзімдері айқындалсын
 - 2022-2023 оқу жылы 1 қыркүйек күні басталсын
 - Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда 36 оқу аптасы
- Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері
 - 1-11 сыныптарда күзгі каникул -7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қараша аралығында),
 - қысқы каникул - 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан - 2023 жылғы 8 қаңтар аралығы),
 - көктемгі каникул -9күн (2023 жылғы 18 наурыз - 26 наурыз аралығы)
 - 1 сыныптарға қосымша каникул -7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығы)
2. Бұйрықтың мазмұны барлық ата-аналарға, мектеп мұғалімдері мен оқушыларға жеткізілуі қамтамасыз етілсін.
3. Бұйрықтың орындалуына басшылық жасау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Балғынбаевқа жүкелсін.

Негізі: Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 31.08.2022ж
№229-н/к бұйрығы

Мектеп директоры:  Б.Бейсекүл



КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№23 "1 МАМЫР" ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №23 "1 МАМЫР"» ОТДЕЛА
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА

Бұйрық №143

1 Мамыр ауылы

31.08.2022ж

**2022/2023 оқу жылының басталуына арналған
1-қыркүйек «Білім күні» және бірыңғай
сынып сағаттарын өткізу туралы**

Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 ж 26 тамыздағы
№777 бұйрығын басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2022/2023 оқу жылының басталуына арналған 1-қыркүйек «Білім күні» және «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттарын өткізу туралы тұжырымдамасын барлық сыныптарда қосымша кестеге сәйкес өткізілсін.
2. 2022/2023 оқу жылының басталуына арналған 1-қыркүйек «Білім күні» арналған салтанатты жиынды өткізу жауапкершілігі ұйымдастырушы педогог Ж.Ерназаровқа жүктелсін.
3. Іс шаралар жоспарына сәйкес жұмыстарды ұйымдастырып, атқарылған жұмыстар туралы мәліметті білім бөлімінің тәрбие әдіскерінің электронды почтасына жолдау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Абдихаймоваға жүктелсін.
4. «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттарын өткізу сынып жетекшілерге жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М. Абдихаймоваға жүктелсін.

Негіз: Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 ж 26-тамыздағы №777 н/к бұйрығы

Мектеп директоры:



Б. Бейсекұл



1 Мамыр ауылы

Бұйрық № 131

20.04.2023ж

**«2022-2023 оқу жылын аяқтау және білім алушылардың
қорытынды аттестаттауын өткізу туралы»**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына, және Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі №90-н/к бұйрығына сәйкес 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жалпы білім беру ұйымдарының қорытынды аттестаттауын өткізу мақсатында бұйырамын:

I. Оқу жылын аяқтау және білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауын өткізудің мынадай мерзімдері белгіленсін:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.

2. Негізгі орта білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 9 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау 2023 жылғы 02 маусым - 13 маусым күндері аралығында өткізілсін.

02 маусым – ана тілі, эссе

06 маусым – математика, бақылау жұмысы

09 маусым – орыс тілі, диктант

13 маусым – таңдау пәндері: 9 «а» сынып, биология

9 «ә» сынып, география

9 «б» сынып, қазақстан тарихы

3. Жалпы орта білім берудің білім беру, оқу бағдарламасын меңгерген 11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау, мемлекеттік бітіру емтихандары нысанында 2023 жылғы 05 маусым - 19 маусым күндері аралығында өткізілсін.

05 маусым – ана тілі мен әдебиет, жазбаша

08 маусым – алгебра және анализ бастамалары, жазбаша

12 маусым – қазақстан тарихы, ауызша

15 маусым – орыс тілі мен әдебиеті, жазбаша

19 маусым – таңдау пәндері: 11 «а» сынып - дүние жүзі тарихы, биология, геометрия, география, әдебиет

II. «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сәйкес 2022-2023 оқу жылын аяқтау қамтамасыз етілсін.

III. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мен басшылық жасау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Балғынбаевқа міндеттелсін.

Негізі: Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі №90-н/к бұйрығы

Мектеп директоры:



Б.Бейсекүл